Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

№83709375-ГСЗ1 лоты бойынша Ембі қаласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында инватакси қызметтерін көрсету конкурсы шеңберінде конкурстық комиссияның әрекеттеріне қатысты шағым.

1. «PROF CONTACT» ҚБ-ны заңсыз жіберу және жеңімпаз деп тану туралы

1) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі конкурстық өтінімдер ҚР Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 460–461-тармақтарына және Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес техникалық ерекшелік талаптарына толық сай болуы және міндетті 7 бөлімді қамтуы тиіс.

Атап айтқанда, өтінімде сандық және сапалық индикаторлар, сондай-ақ кіріс (ресурстық), процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторлары көрсетілуі міндетті.

Алайда «PROF CONTACT» ҚБ өтінімінде аталған индикаторлар жүйесін қамтитын дербес бөлім ұсынылмаған.

2) Сонымен қатар, жобаны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспары Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінде көзделген міндетті параметрлерді толық көлемде қамтымайды, оның ішінде нақты машино-сағат көлемі, 1 АЕК есебіндегі құнның есебі және өзге де экономикалық негіздемелер көрсетілмеген.

Қосымша ретінде, жобаны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспарында 7-тармақта *«Подготовка итогового отчета с маршрутными листами»* бөлімінде Т. Жүргенов ауылы және Әйтеке би ауданы көрсетілген.

6	Освещение проекта в СМИ и социальных сетях	Город Эмба, со дня подписания договора по 25 декабря 2026 года
7	Подготовка итогового отчета с маршрутными листами	Село Т.Жургенова и Айтекебийский район, до 25 декабря 2026 года

Жоғарыда баяндалған Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары талаптарына сәйкес келмеуін, сондай-ақ ұсынылған біліктілік мәліметтерін және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабында көзделген шектеулердің болуын ескере отырып, «PROF CONTACT» қоғамдық бірлестігінің конкурстық өтінімін қабылдамау (конкурстан шеттету) талап етеміз.

Осы шағым бойынша тиісті шаралар қабылданбаған жағдайда, өз құқықтарымыз бен заңды мүдделерімізді қорғау мақсатында сот органдарына жүгінетінімізді хабарлаймыз.

«Шалқар саясы» мүгедектерді қолдау орталығы»
қоғамдық бірлестігінің Төрағасы
Алдашов Ерлан Итжемесұлы